



**БҰЙРЫҚ**

26 тамыз 2022 жыл  
Семей қаласы

**ПРИКАЗ**

№ 01-04/552  
город Семей

**Заңсыз ақшалай қаражат жинауға тыйым салу туралы**

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңына, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 –III Заңының 63 - бабына, «Мемлекеттік білім беру мекемелерінің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізу жөніндегі ақылы қызмет түрлерін көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 20 шілдедегі № 1102 қаулысына сәйкес, Семей қаласының мектепке дейінгі ұйымдарында, жалпы орта білім беру мектептерінде оқушылардың ата- аналарынан және заңды өкілдерінен заңсыз ақша қаражатын жинауға жол бермеу мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Жалпы орта білім беретін мекемелердің және ұйымдардың директорларына, барлық меншік түріндегі мектепке дейінгі балалар мекемелерінің меңгерушілеріне:

- мектептің, балабақшаның, шағын орталықтың әртүрлі қажеттіліктеріне (жуғыш заттар, кеңсе жабдықтары)

- мерекелерге әкімшілікке, сынып жетекшілеріне, тәрбиешілер мен педагог қызметкерлерге сыйлыққа заңсыз ақшалай қаражат жинауға қатаң тыйым салынсын.

2. Сынып жетекшілері ата-аналар комитетінің өкілдерімен ақша жинауға тыйым салу туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізсін және оларды, сондай-ақ барлық ата-аналарды білім бөлімінің бұйрығымен таныстырсын.

3. Заңсыз ақшалай қаражат жинағаны байқалған мұғалімдерге, сынып жетекшілеріне, тәрбиешілерге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тәртіптік жаза қолданылатыны туралы қатаң ескертілсін.

4. Білім беру мекемелері мен ұйымдарының басшылары сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласын реттейтін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын сақтамаған жағдайда дербес жауапты болады.

5. Білім беру мекемелері мен ұйымдарының басшылары осы бұйрықтың орындалуы жөнінде шаралар қабылдасын.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Бөлім басшысының м.а.

Б. Булабаев